

## 5. Оқу-материалдық активтер.

### -Оқыту нәтижелерін бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Ғимарат туралы мәлімет.

Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының анализі мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте ҚР мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі.

Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек кітапшалары талапқа сай келеді.

Мұғалімдердің жеке істері, еңбек және санитарлық кітапшалары талаптарға сәйкес.

Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамның талдауы мектепте қажетті оқу-педагогикалық потенциалдың барлығын көрсетеді, мектепте тұрақты ұжым құрылған.

**Ғимарат туралы мәлімет. (Ғимарат типі, салынған жылы, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.)**

Қаракөл бастауыш мектебі ғимараты 1975 жылы қолдануға берілген. Занды мекен-жайы: 030907, Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қаракөл ауылы, Абай көшесі, 10 үй. Ғимарат материалдары саман тас. Бейімделген. Жобалық қуаты 20 оқушы арналған. Бір қабатты. Жалпы алаңы - ауданы - 303, ғимараттың ауқымы - 909, жалпы алаң - 234,3, Оқыту тілі - қазақ, жұмыс реті - бір ауысымда оқытылады. Қазіргі таңда 1-4 сыныптарда - 4 оқушы білім алуда. Мектепалды даярлық сыныбында - 3 оқушы.

Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 13 қаңтарында алынған.

Бизнес сәйкестендіру номері: 020140003477.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Мектепке күрделі жөндеу жүргізілген жоқ. Жыл сайын ағымдағы жөндеу жүргізіліп отырады. Ғимарат бір жержен жағылатын жылу батареяларымен жылынады. Қосымша бес от жағу пештері жұмыс жасайды. 2023 жылы ғимараттың жылу пеші алмастырылды. Ғимаратта 3 сынып бөлмесі, 1-мұғалімдер бөлмесі бар. Сынып бөлмелерінде қазіргі заманға сай құрал - жабдықтар жоқ. 2021 жылы балаларға жылу туалет, қол жуғыш және қол кептіргіш құралдармен жабдықталды. Су тасымалдап құйылады.

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылы 8 бейнебақылау камералары орнатылды, оның 4 бейнекамерасы ішкі, 4 сыртқы мектеп ауласын бақылап тұрады. Мектеп дәліздері, мектеп ауласы бақыланып отырады. Монитор мектеп дәлізінің кіре берісінде орнатырылды. 2014 жылы «Дабыл нүктесі» орнатылды. Қауіпсіздік шаралары аясында 3-күзетші жұмыс жасайды. Мектептің материалдық техникалық базасы

қанағаттанарлық. Мектептің ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, мектептің көгалдандыруы талапқа сай.

Мектеп мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен таныстырылған.

**Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер.**

Мектеп ғимаратында медициналық кабинет жоқ. Оқушылар медициналық тексерістен Сарбие ауылдық округындағы пунктте өтеді. Мектепте күн сайын 2 мезгіл тазалық жұмыстары жүргізіледі. Мектеп ғимаратында терезе желдеткіштері жоқ. Терезе желдеткіштеріне сұраныс берілді. Әрбір сыныптарда кварц лампалары бар.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін пандустар орналастырылған.

**Білім беру ұйымдарының жабдықтарымен жеке жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандыру туралы мәліметтер:**

Білім беру процесінде 3-компьютер 2018 жылы алынған. 5-оқушыларға арналған ноутбуктер 2021 жылы келген бар. Зертханалық кабинеттермен жабдықталмаған. Компьютерлер педагогтар бөлмесінде орналасқан. 2018 жылы графапроектормен аудандық білім бөлімі жабдықтаған, қазіргі таңда ол жұмыс жасамайды. Ғимаратта білім алушылар үшін спорт зал жоқ. Дене шынықтыру сабақтарын дәлізде өткіземіз. Жазда спорт алаңқайында жүргізіледі. Спорт жабдықтары қарастырылмаған, волейбол, футбол доптары, секіргіштер және шашка, шахмат, тоғызқұмалақ тақталары бар. Сынып бөлмелері 2010 жылы алынған стеллаждармен, 2021 жылы келген магниттік тақталармен жабдықталған. Оқушы парталары талапқа сай.

**Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер:**

Санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру мектеп асханасында буфеттік системада жүзеге асырылады. Асханада санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар. 2014 жылы

14 қарашада алынған. Тіркеу номері №36. 2023 жылдың 22 қараша айында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы республикалық №2-0311-23-00737 мемлекеттік мекемесінің қаулысына сәйкес тексеру қорытындысы бойынша бұзушылықтар анықталмады.

Асхана жалға беріледі. Жеке кәсіпкер ИП Әліп Күлжамал Әлібекқызы, 2011 жылғы ІІ қазандағы серия 08915 № 0102518 жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу куәлігі негізінде 2024 жылы 2 қыркүйекте №62 қызмет көрсету шартпен қызмет

көрсетуде. ЖСККЗ16600101210000227937. Асхана-10 орындық. (көшірмелер, шарт құжаттары салынды.)

Аспазшы-Қойтанова Айнұр Қайыржанқызы - 4 дәрежелі аспазшы. Күәлік №15278.30.06.2023 жылы берілген. Медициналық тексеру қорытындысы бар. 14.07.2024 жылға дейін жарамды. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесінің 21 тармағының 2 тармақшасына және «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 01 қыркүйектегі №4/3895 кепілдік хатына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 және Ойыл аудандық білім бөлімінің басшысының 2023 жылғы 5 қыркүйектегі №640 бұйрықтарын басшылыққа алып, білім алушылар тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пункттің және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер Ойыл ауданы Қаракөл бастауыш мектебі КММ \_\_\_\_\_ (жағдай бойынша \_\_\_\_\_) (білім беру ұйымының атауы)

Білім беру ұйымының орналасқан пәкті мекен-жайы	Медициналық қызметке арналған лицензия туралы мәліметтер (нөмірі)	Ескерту
Ойыл ауданы Сарбие ауылы	жоқ	
Қаракөл елді мекені		

\*Денсаулық сақтау ұйымдарымен медициналық қызмет көрсетуге арналған шарттардың болуы шартты жағдайдағы мәліметтерге қатысты



Білім беру ұйымының басшысы **Бюршипа А.Х** (қолы) **А.Т.Ә.** (болған жағдайда)

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлердің болуы, Ойлы ауданы Қаракөл бастауыш мектебі КММокү зертханаларының, оқу пәндік кабинеттерінің және оқытудың техникалық құралдарының болуы туралы мәліметтер

бойынша) (білім беру ұйымының атауы)

жағдай

Құрылыстың типі (Үлгілік жоба, бейімделген, өзге); жалпы және пайдалы ағанды (м2) көрсете отырып, білім беру үдерісімен айналысатын құрылыстардың нақты мекенжайы	Материалдық-қаржылық активтердің болуы (меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі), материалдық активтерді жалдау туралы мәліметтер	Атауы мен ауданы көрсетілген пәндік кабинеттер*	Түрі көрсетілген техникалық оқыту құралдарының, оқу және зертханалық жабдықтардың тізбесі	Ақт залы, спорт залы, кітапхана (м <sup>2</sup> )	Компьютерлік сымалықтар, компьютерлер, жабдықтар мен жиһаздар, жеке пайдалануға арналған шкафтар	Әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де мақсаттағы (өткізу пункттері, санитариялық тораптар (униталдар, жуу раковиналары) болуы	Контингент туралы өзекті деректер базасымен білім берулі басқарудың ақпараттық жүйесі, аймақтағы үшінші деңгейдегі еді.кз доменилік атаудың және бейнебақылауының болуы	ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы
Бейімделген.	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	бар	бар	бар



А.Т.Ә. (болған жағдайда)

(қолы)

Білім беру ұйымының басшысы